

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

Fsg 4311 Қазіргі заманғы мемлекеттің қызметтері

«6B04205- Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2025

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

Кафедра менгерушісі

Оқыту және білім беру сапасы бойынша Академиялық комитеттің
төрайымы  Урисбаева А.А.

№11 Хаттама

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

№10 Хаттама

Ғалым хатшы

Атаханова Г.М

КІРІСПЕ

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляцияға беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1,2,3 дұрыс жауаппен құрылған.

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

1. «Осы заманғы мемлекеттің қызметтері» оқу курсының пәні мен әдісі.

Мемлекетті зерттей отырып, заң ғылымы оның функцияларына және мемлекеттің мәні мен әлеуметтік мақсатына сипаттама беру. Қазіргі заманғы мемлекеттің функциялары мемлекет механизмі туралы мәселемен тікелей байланысын ажырату. Басқару нысандарының мемлекеттік құрылымы мен саяси режимнің мемлекет функцияларын жүзеге асыруға әсерін терең зерттеу. Мемлекеттік функцияларды зерттеуде ғылыми жолмен қамтамасыз ететін теориялық қағидалардың логикалық әдістері мен арнай тәсілдердің жиынтығына тоқталу.

2. Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекеттің мәні. Мемлекет түрлері.

Мемлекеттілікке дейінгі кезеңде ғылымда алғашқы қауымдық құрылыс немесе рулық қауым деген атауға мән беру. Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауының заңдылықтары, себептері және мемлекеттің пайда болуы. Мемлекеттің пайда болуының батыстық (еуропалық) және шығыстық (азиялық) жолдары. Мемлекеттің түсінігі және белгілері.

Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін сан алуан теориялар (теологиялық, келісім-шарт, психологиялық, таптық, куштеу, патриархалдық теориялары). Мемлекет типінің түсінігі. Мемлекет формациялық өлшемі бойынша типтері. Мемлекеттің типологиясындағы өркениеттік жолдың мазмұны. Өркениеттің ұғымы және түрлері. Өркениеттік жол бойынша мемлекет және құқықтың сипаттамасы.

3. Мемлекеттің функциялары. Мемлекеттің механизмі.

Мемлекеттің функцияларының түсінігі мен жіктелуін және жүзеге асыру нысандары мен түрлерін анықтау. Мемлекеттік органның түрлерін жіктеу, мемлекеттің құқық қорғау функциясын нақты қарастыру.

4. Мемлекет формасы және оның элементтері.

Мемлекет формасының (нысанының) түсінігі. Басқару нысаны (басқару нысанының түрлері, оның ерекшеліктері). Мемлекеттік құрылым нысаны. Саяси режим (мемлекеттік режим) нысаны мен түрлері.

5. Саяси жүйеде мемлекет. Саяси жүйенің элементтері

Қоғамның саяси жүйесі: түсінігі, мәні және құрылымы мен элементтері. Саяси жүйенің субъектілері мен құқықтың рөліне тоқталу. Саяси көпшілік (плюрализм). Саяси жүйелерді типологиялау (тұрпаттарға бөлу). Саяси жүйелердің дамуы. Қазақстанның саяси жүйесі. Осы заманғы Қазақстанның партиялары мен қоғамдық қозғалыстары және қоғам өмірінде олардың атқаратын рөлдері мен ықпалдарының арта түсуі. Мемлекеттің саяси жүйедегі орны мен ролін анықтау. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің мемлекет пен қарым-қатынасын анықтау.

6. Мемлекеттің ішкі функцияларының түрлері. Мемлекеттің саяси қызметі. Мемлекеттің ақпараттық функциясы

Мемлекеттің функцияларының түсінігі мен қызметтеріне және маңызды белгілеріне сипаттама беру. Мемлекет функцияларының ішкі және сыртқы қызметтеріне, сонымен қатар жүзеге асыру формаларына анықтама беру. Мемлекеттің функцияларының әдістерін жүзеге асыруын қамтамасыз етуде сендіру, мәжбүрлеу, ынталандыру, ұсыныстар енгізу, ерекшеліктеріне тоқталу.

7. Мемлекеттің экономикалық қызметі. Мемлекеттің идеологиялық функциясы.

Қазіргі заманғы мемлекет функциясының бір саласы ретінде мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіліктерін атқару жөніндегі міндеттеріне тоқталу. Мемлекеттің экономикалық қызметінің жетекші салаларына тоқталу. Мемлекеттік органдардың еліміздің экономикалық даму жөніндегі қызметтерін үйлестіру. ҚР мемлекеттік идеологиясына және оның ерекшеліктеріне сипаттама беру.

8. Қазіргі мемлекеттің құқық қорғау қызметі. Құқық қорғау органдарының түрлері және олардың өкілеттіліктері.

Құқық қорғау органдарындағы мемлекеттік қызметті атқаратын, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ететін, мемлекеттің саясатын іске асыратын құқық қорғау қызметтеріне тоқталу. Олардың өкілеттіліктеріне және арнайы қағидаларына сипаттама беру.

9. Қазіргі мемлекеттің экологиялық функциясы. ҚР және шет елдердегі экологиялық жағдайды талдау.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану шарттарына тоқталу. Экологиялық құқық нормаларымен реттелетін қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу. Мемлекеттік экологиялық қызметі мен экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсатын және жүйелерін анықтау.

10. Мемлекеттің әлеуметтік функциясы. Әлеуметтік функциямен айналысатын мемлекеттік органдардың түрлері.

Мемлекеттің әлеуметтік функциясын іске асыратын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға тоқталу. Қазіргі заманғы мемлекет тұрғысындағы әлеуметтік функциялардың мәніне тоқталу және мемлекеттік көмекке мұқтаж әлеуметтік топтарды жәктеу. Мемлекеттің алдында тұрған міндеттерді шеуде әлеуметтік қызметтердің бағыттарына және басты тұжырымдамаларына тоқталу.

11. Мемлекеттің білім беруді, мәдениетті және спортты дамыту саласындағы функциясы.

Мемлекеттік саясаттың қағидаларын жүзеге асыратын білім, мәдениет және спорт саласындағы органдарға жалпы сипаттама беру. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттағы негізгі қағидаларына тоқталу. ҚР азаматтарының потратизімін тәрбиелеуде мәдени құндылықтардың алатын орны. Ғылым, мәдениет, спорт саласындағы қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдарды қолдау және жағдайлар жасау.

12. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы.

ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға тоқталу, ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі қағидаларды ашу. Ұлттық қауіпсіздіктің түрлері: қоғамдық қауіпсіздік, әскери қауіпсіздік, саяси қауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздікке жеке тоқталу.

13. Елдің қорғаныс функциялары. Салық жинау функциясы.

Мемлекеттің оның ішінде егемендігі мен тәуелсіздігіне қол сұғатын саяси факторларға тоқталу. Елдің қорғаныс саласындағы қызметтерге жалпы сипаттама беру. Қазақстан қарулы күштерінің түрлерін және қорғаныс қабілетінің мәселелеріне баға беру. Салық жинау функциясы салық алу қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдары және олардың құқықтары мен міндеттері. ҚР-да салық саясаты мен салық салу қағидалары.

14. Мемлекеттің сыртқы функцияларын іске асыру ерекшеліктері. Егемендік және егеменді мемлекетті қорғауды жүзеге асыратын органдар.

ҚР-да мемлекеттің сыртқы қызметін іске асырудың ерекшеліктері. Басқа мемлекеттермен дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастарды қолдау функциясына тоқталу. ҚР-дың көші-қон қызыметіне тоқталу. Егемендік және егеменді мемлекетті қорғауды жүзеге асыратын органдарға сипаттама беру. Мемлекеттің сыртқы саясатта толық тәуелсіз болуын түсіндіру.

15. Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу функциясы. Мемлекеттің сыртқы функцияларын іске асыру ерекшеліктері. Егемендік және егеменді мемлекетті қорғауды жүзеге асыратын органдар

Мемлекеттің сыртқы саяси қызметі. Мемлекеттің дипломатиялық қызметі. ҚР-ның барлық мемлекеттермен қолайлы – қарым-қатынастарын қолдау. Халықаралық қақтығыстарды болдырмау үшін мемлекеттермен ынтымақтастық.

Пайдалатын әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Г.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Астана, Фолиант баспасы 2017.
2. Құрастырушылар авторлар коллективі. Мемлекет және құқық теориясының хрестоматиясы. I том. Алматы, ТОО «KazBookTrade» баспасы 2018.
3. Н.И.Матузов, А.В. Малько, Б.О.Алтынбасов Мемлекет және құқық теориясы. Алматы “Москва”, 2016 ж.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл, өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «adilet.kz», 2017ж.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Заңы. "Мемлекеттік қызмет туралы". 2015 жылғы 25 қарашада қабылданды.
2. Қазақстан Республикасының Заңы. "Құқық қорғау қызметі туралы". 2011 жылғы 6 қаңтарда қабылданды.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары). Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы жарлығы

Интернет-ресурстар:

1. Конституция – Қазақстан Республикасының негізгі заңы // <https://baribar.kz/student/800/konstitutsiya-qazaqstan-respublikas/>
2. Құқықтық актілер туралы заң <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
3. Мемлекет және құқық теориясы <http://bigox.kz/memleket-zhane-kukyk-teoriyasy/>

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау – тест түрінде UNIVER жүйесінде өткізіледі. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостьқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

• 48 сағат ішінде бекітілуге жатады. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тесттің түрі- көптік таңдау, 1,2,3 дұрыс жауаппен

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тест өту тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы жойылуға жатады

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық

бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $\frac{PK1+PK2}{2} \cdot 0,6 + IK \cdot 0,4$. Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	